

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС ЗАҢДАРЫ МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ ОРТА

Халықаралық бизнес этикасы





Дәрістің жоспары:

1. Іскерлік этика;
2. Құқықтар мен міндеттер концепциясы;
3. Ізгілік этикасы.

Этикаға абсолютті көзқарасты жақтайтындар мен этикалық релятивизмді ұстанатындар арасындағы пікірталастарға қарамастан, директивтік органдар этикалық тұрғыдан дұрыс шешім қабылдауға көмектесетін этикалық құралдарға мұқтаж болып отыр. Кәсіпорын менеджерлері өз шешімдерінің этикалық салдарын дұрыс түсіне бермейді. Табыс және сенім тұрғысынан әлемдік нарықта жақсы атақ алу халықаралық корпорациялардың көпшілігі үшін бірінші кезекте тұр, себебі нашар этикалық тәжірибе ашық, жариялы жаһандық экономикада бірден көзге түседі. Корпорациялар бұқаралық ақпарат құралдары, мемлекеттік органдар, бәсекелестер, жеке тұлғалар, тіптен өз қызметкерлері тарапынан да бақылау нысаны болып табылады. Этикаға жат тәжірибе кесірінен беделден айырылу апатқа соқтыруы мүмкін. Қызметкерлерді этикалық сұрақтар бойынша хабардар ету үшін, дұрыс па әлде бұрыс па дегенге қатысты келісім болуы қажет. Белгілі бір тәжірибе мен қызметтің дұрыстығына қатысты негізгі шешімдер қабылдаған жөн болады. Бұл шешімдер нормативтік емес, жай сипаттама түріне ие. Мысалы, мәселе пара берудің бұрыс іс-әрекет екендігінде емес, өркениетті елдердің азаматтары парақорлықты дұрыс емес деп санауында. Дәстүрлі этикалық ілімдерге шолу жасау – бизнес үшін этикалық шешім қабылдау көзқарасын жасайтын бастапқы қайнар көз, сондай-ақ бұл бизнесменге халықаралық деңгейде этикалық мәселелерге қатысты моральдық дәлелді тиімдірек қолдануға мүмкіндік береді. Талдауға жататын этикалық мектептерге утилитаризм, құқықтар мен міндеттер концепциясы, ізгілік этикасы және қамқорлық этикасы кіреді.

Утилитаризм – этикаға теологиялық көзқарас. Теология немесе консеквенциялизм соңғы шешім мен іс-әрекеттің этика тұрғысынан қажеттілігін бағалайды. Бұл бағыттың түрлі анықтамасы бар. Утилитаризмнің ең қарапайым түрі тұлғаға зияннан гөрі пайда әкелетін іс-әрекеттің дұрыстығын анықтайтын гетанизм немесе эгоизм болып табылады.

Бизнес саласында эгоизм қазіргі заман экономикасының негізін қалаған Адам Смиттің экономикасымен жиі байланыстырылады. Оның «Халықтар байлығы» атты еңбегі 1776 жылы жарияланды. Онда Смит тұлғалар өз жеке мүдделеріне негізделген шешім қабылдауға еркін нарықтың экономикалық негіздері мүмкіндік беретінін атап өтті. Мұндай есепшілдік мүдде қоғамға пайда әкелетін тиімді экономиканың өркендеуіне жол ашады. Смиттің бұл жеке мүдде мен еркін нарыққа деген көзқарасы кезінде дұрыс түсіндірілмеді.

Смиттің моральдық философиясы «Әдеп сезімі теориясы» атты еңбегінде берілгендей жеке басының қамын еркін нарықтық экономика адамымен байланыспаған көптеген факторлар енгізу арқылы қарастырады.

Утилитаризмнің басқа қысқарған нұсқасы – бұл «пайда-құн» экономикалық тұжырымы. Шығын мен табысты талдау-бұл іс-әрекетті доллар құнымен бағалау арқылы этикалық детерминизацияның ұсақ ақша тиынға айналдыруға деген ұмтылысы. Утилитаризмнің тар анықтамасына Форд Пинто автокөлігімен болған қайғылы жағдай мысал бола алады. Артынан соққанда жанармай бағының жарылып кетуі мүмкін екенін алдын ала біле тұра, бұның алдын алу үшін қымбат емес, арзандау құрылғы қоймау туралы шешім қабылданған. Бұл шешім сот шығындары, зардап шегушілерге төлемақы, т.б. құрылғыны ауыстыруға жұмсалатын қаражаттан кем деп табылған есепке негізделді. Осы жайт бірқатар сұрақ туындатады: «Автомобиль» компаниясы тарапынан шығыс пен табысты бағалау этикалық жағынан дұрыс болды ма? Адам өмірі мен амандығы қалай бағаланады? Адам өмірі сияқты құндылықтар «шығыс-кіріс» теңдігінде басқа факторлардан салмақтырақ па?

Нағыз утилитарлық талдау тіке және жанама салдарларды шешім қабылдаушы тарап тұрғысынан ғана емес, мүдделі тараптар тұрғысынан да өлшеуге талпынады. Шешім қабылдаушы тұлғанын утилитарлық талдауды үнемі кеңейтіп отырғаны жөн. Сондай-ақ шығынды барынша азайтып, таза пайданы барынша көбейту баламасын іздеу өте маңызды. Утилитаризм



идеясы таза пайданың қалай бөлінетінін есепке алмайды. Сонымен, таза пайда жасаушы компанияның шешімі қоғамға пайда әкелмей, жеке бастың мүддесін күйттесе, бұл этикаға жатпайды. Қазіргі жағдайларда кейбір дамушы елдерде мемлекет көшбасшылары мен олардың серіктестері бүкіл табысты өздері алып қояды.

Сұрақ көп, әрі шексіз. Өмірді, теңдікті, денсаулықты қалай бағалау керек? Утилитарлық көзқарас нарық қауіпсіздігі сұрақтарында біздің қоғамның пікіріне сүйенеді. Сыншылар утилитарлық есеп екі кезеңдік үдерістің бірінші сатысы болуы керек деп санайды. Екінші кезеңде табыстың қалай бөлінетіні талданады. Осы үдеріс әділетті бөліс ұғымын білдіреді. Сондай-ақ екінші кезең жекелеген құқық тұрғысына, іс-әрекет нәтижесіне ықпал ете алады. Мәселен, егер нәтиже адам құқығын шектесе, онда іс-әрекет этикаға жат болып қарастырылады. Іс жүзінде адам құқығы сияқты мәселелер таза утилитарлық талдаудан басымырақ болады. Кейбір жайттар қол сұғылмайтыны туралы идея басыңқы пікір концепциясының бөлшегі болып табылады. Белгілі бір теріс салдарлар «көпшілікке көбірек пайда әкеледі» деген тұжырымнан асып түсуі мүмкін. Егер іс-әрекет азшылықтың құқықтары есебінен көбірек пайда берсе, утилитаризм сәтсіздікке ұшырайды.

Жалпы алғанда, утилитарлық пікірге сүйеніп шешім қабылдаушы бизнесмен бұл шешімге қатысатын барша тұлғаны есепке алуы қажет. Осы тізімдегі адамдар тұрғысынан жақсы-жаман салдарларын бағалауға тиісті. Таза пайда немесе шығынды анықтау кезеңінде шешім қабылдаушы тұлға таза пайда әкелетін баламаны іздеуі керек. Сонымен, шешім қабылдаушы тұлға таза пайдаға қарамастан кез-келген басыңғы жолдарды анықтауға ұмтылуы қажет.

Утилитарлық көзқарас қоғамға таза пайда әкелуге басты назар аударса да, моральды тұлға тұрғысынан қарастырады. Біреудің моральды құқығы өзгелердің тиісінше осы құқыққа араласпауы моральдық борышты жасайды. Джон Локк әлеуметтік келісімнен жоғары қоғамдағы адамдарды бір-бірімен, үкіметті халықпен байланыстыратын ажырамас құқық ұғымын жақтады. Америка Құрама Штаттары (Тәуелсіздік Декларациясы, Конституция, Билль құқық туралы) мен француздық «Адам құқығы» негізгі құжаттарында жарияланған ажырамас құқықтар жеке автономияның тұтастығы мен жеке мүдделерінің теңдігін мойындайды. Жеке бостандық ізгілігі АҚШ-та дауыс беру құқығында бірлесуде, дін бостандығында және еркін баспасөз құқығында көрініс тапқан. Халықаралық құжаттарға келсек, адам құқығы жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Декларациясы адам құқығының дамуын қорғайды. Жақында ғана Біріккен Ұлттар Ұйымы әр адамның дамуға құқығын бекітетін «Даму құқығы туралы Декларация» деп аталған резолюция қабылдады.

Декларация жекелеген елдер мен халықаралық қауымдастықтың даму құқығын қамтамасыз ету жауапкершілігін көрсетеді. Декларацияның 3-бабында «мемлекеттер даму кедергілерін жоюды қамтамасыз етуде бірлесуге міндетті» деп жазылған, бұл «дамушы елдердің тезірек дамуына» ықпал етеді. «Халықаралық қауымдастықтың» осы елдерді «олардың жан-жақты дамуын қолдайтын тиісті құралдармен» қамтамасыз ету талап етіледі. Құқықты қатаң утилитарлық есепті қуалайтын басым ой-пікір ретінде қарауға болады. Шетел инвестициясының артықшылығы адам құқығын сыйлау мен қорғау қажеттілігімен салыстырылуы дұрыс.

Мұндай сұрақтар «салыстырмалы даму теориясы» салдарынан туындайды, туған елінің стандарттары кемірек дамыған елдерге қолдану дұрыстығына күмән келтіреді. Кей кезде қабылдаушы тараптың стандарттары кез-келген даму деңгейі үшін жеткіліксіз деп санауға болады. Мысалы, еңбекақыны белгілеу этикасы. Шетел қызметкерлерінің дамушы елдердегі күнкөріс көлемінен артық алуына моральдық құқығы бар ма? Өз еліндегі жалақыдан төмен ақша төлеуге шетел компанияларының құқығы бар ма?

Этикалық мәселені қозғайтын өзге де шиеленіс – бұл мәдени салт-дәстүрлер шиеленісі, өз еліндегі этикаға жат тәжірибе қабылдаушы елде этикаға сай болып саналады. Сауд Арабиясындағы жергілікті діни сенім әйелдердің «шынылы төбе» тәжірибесімен қалай күресуге болады? Оңтүстік Африка заңы шеңберіндегі қара нәсілділерді ашық түрде кемсіту АҚШ-тың осы елді инвестициялауына қалай әсер етеді? Этикаға құқықтық көзқарас формасы – бұл Канттық этика. Құқықтық көзқарас тәрізді бұл мектеп табиғатынан деонтологиялық болып саналады. Жауапкершілік салдарына қарамастан, өзгертуге жатпайтын абсолюттік міндеттер (немесе құқықтар) бар екеніне негізделген сенім.



Иммануил Кант абсолюттік моральдық міндеттерді немесе заңдарды мойындаған этикалық жүйені қалыптастырды және оны «категориялық императив» деп атады. Бұл міндеттер кез келген утилитарлық есептер үшін бұлжымас және даусыз болды. Категориялық императивтің жалпы анықтамасына сай адамды «мақсатқа жеткізетін құрал» ретінде пайдалануға болмайды. Барлық адамдар тең, рационалды тұлға болып танылуы қажет. Демек оларды ескертусіз, келісімсіз тәуекелге итермелеу дұрыс емес. Сонымен, дамушы елдерде қауіпті химия зауытын салатын ТНК экологияға, қоғамға жұмыскерлерге қатер төндіруде. Ақпаратты жариялау мәселесі жан басына шаққанда төмен деңгейдегі экономикалық даму мен кірістің осы ақпараттандырудың мәнсіз екенін көрсетеді. Шетел компаниясы ақпаратты ашық қабылдаушы тарапқа бағынуы керек пе? Кант этикасы бір-бірімізге зиян келтірмеудің әмбебап міндеттері бар екендігін болжайды.

Ізгілік этикасы – іс-әрекет әдебіне емес, мінез әдебіне немесе актер себебіне негізделеді. Бұл этика ерекшеліктер мен кемшіліктер деп бөлінеді. Кемшіліктер адамдар арасындағы қатынастарды бұзушы және эгоизм, арамдық, әділетсіздік деп қарастырылады.

Керісінше Аристотель адамгершілікті дұрыс іс-әрекет етуге мүмкіндік беретін, жүре біткен моральдық қасиет ретінде көрді. Бұл көзқарас ұжымдық мәдениеттің маңыздылығын түсіну үшін пайдалы. Белгілі болғандай кез-келген жағдайда пайдаға негізделген ұжымдық мәдениет компания қызметкерлері арасында моральдық ізгілікті ынталандыруға ықпал етпейді. Ізгілік этикасы – моральдық іс-әрекетке, ниетті дамыту іс-әрекетке ықпал етеді деп санайды. Аристотельдің этикасына сәйкес моральдық іс-әрекет әудемония ахуалына қол жеткізу үшін қажет, бұл дегеніміз – гүлдену немесе бақытты болу.

Сонымен қатар ізгілік этикасы шешім өз бойында ізгілікті немесе моральдық мінез-құлықты дамыту мақсатында қабылдануға тиіс дегенге негізделген. Екінші жағынан, моральдық мінез-құлыққа ие адам этикалық негізді, дұрыс шешім қабылдайды.

Этикадан бөлек утилитаризм қабылданған шешімнің салдарына қарайды. Одан басқа деонтология немесе канттық этикада алдымен моральдық қағидалар қабылданады да, одан кейін олар кез-келген жағдайда қолданылады. Бұл жерде әңгіме ережелер, қағидалар, міндеттер мен құқықтар құрастыру туралы болып отыр. Ізгілік этикасында моральдық қағидалар алдын ала белгіленбейді, себебі әр жағдай жеке қарастырылады және шешім ізгі болу ниетіне қарай тұтастай қабылданады.

Дәрісте қолданылған материалдар келесі қайнаркөздерден алынған:

1. International Business Law and the Legal Environment, 3rd edition, Larry DiMatteo;
2. https://24smi.org/public/media/250x250/celebrity/2017/04/21/CvIAK7cSRD8M_immanuel-kant.jpg;
3. <http://stuki-druki.com/aforizms/Adam%20Smith02.jpg>.